

**Базалық мөлшерлемеге қатысты шешім туралы
ҚР ҰБ Төрағасының орынбасары
Ақылжан Баймағамбетовтің негізгі
тезистері**

Үш рет қатарынан көтергеннен кейін базалық мөлшерлемені сақтап қалуға түрткі болған себептер туралы

Біз, шын мәнінде, баяулағанын көріп отырмыз, әзірге инфляцияның орнықты құрамдас бөліктерінің уақытша тұрақтанғанын атап өткім келеді. Сөзімді растау үшін жасалған бағалаудан мысал келтірейін. Маусымдық кезеңнен тазартылған тұтыну бағаларының инфляциясы биыл қарашада **5,6%-ға** дейін баяулады. Дәл осындай көрсеткіш жылдың ортасында 16%-дан асты. Бұдан әрі не болатыны, яғни **инфляцияны бұдан былайғы төмендету үрдісі** қалыптаса ма, жоқ па – сол маңызды. Егер бұл үрдіс емес, уақытша құбылыс болса, онда біз тиісінше әрекет етеміз.

Мұнда **коронавирустың жаңа штамы** мен одан туындайтын белгісіздік туралы сөз қозғамауға болмайды. Көріп отырғанымыздай, кейбір елдер қазірдің өзінде нокдаундар мен жолаушылар ағынын шектеу шараларын енгізіп отыр. Егер мұндай іс-әрекеттер барлық жерде орын алса, баяу экономикалық өсу, өндіріс тізбегінің одан әрі бұзылуы, тіпті проинфляциялық тәуекелдер түрінде **қауіп** тудырады.

Екіншіден, кейбір сарапшылардың пайымдауынша, «Омикрон» денсаулыққа айтарлықтай қауіп төндірмес, егер сценарий солай оңынан өрбитін болса, ол **пандемияның** біртіндеп **аяқталғанын** білдіруі мүмкін.

Осы сияқты белгісіздік жағдайлардың бәрі қаржы нарықтары мен сентименттерге тез әсер етеді. Әсіресе жаңа штамдардың толқын тәріздес соққысын дамушы нарықтар қатты сезінеді.

Істің осындай жағдайын ескере отырып және оқиғалардың болашақ дамуына жаңа штамның әсерін бағалау үшін жеткілікті ақпарат болмаған соң біз **күту позициясын** ұстандық. Бізге тәуекелдердің жаңа теңгерімі қалай қалыптасатыны және оның сыртқы және ішкі экономикаға қалай әсер ететіні туралы нақты түсінік қажет. Осы тұрғыда мөлшерлеме бойынша шешім қабылдауға қолданған біздің сараланған тәсіліміз бұрынғыға қарағанда үмітімізді ақтады деп айтуға болады.

Инфляция бойынша күтулер және оны қалыптастыратын сыртқы факторлар туралы

Бұл – **азық-түлік өнімдері бағасының жалпы әлемдік өсуі**. Әлемнің көптеген елінде инфляцияның рекордтық деңгейі әлі де сақталып келеді. Азық-түлік бағасы *өндірістік-логистикалық тізбектердің бұзылуына және қолайсыз ауа райының салдарынан ұсыныстың төмендеуіне* байланысты жоғарылайды. ФАО азық-түлік бағаларының индексі төртінші ай қатарынан өскенін көрсетті. Биылғы қарашада индекс 2011 жылғы маусымнан бастап ең жоғары деңгей – **134,4** тармақ белгісіне жетті. Осылайша, сыртқы азық-түлік бағасы бір жыл ішінде **27,3%-ға** өсті.

Біздің ірі сауда әріптесіміз немесе импорт тұрғысынан негізгі сауда әріптесіміз – **Ресейдегі инфляцияның өсуін** де атап өткен жөн. Инфляция биыл қазанда **8,1%-ға дейін** қарқын алып, бес жылдық ең жоғары көрсеткішке жетті. Бұл олардың нысаналы дәлізінен екі есе көп. Ресей импортының жоғары үлесін ескерсек, әрине, ондағы жоғары инфляция ішкі бағаларға да әсер етеді. Қымбаттаған тауарлармен қатар біз инфляцияны да импорттаймыз.

Қазақстандағы инфляцияның қозғаушы күші туралы

Азық-түлік бағасының өсуі ел ішіндегі инфляцияға айтарлықтай үлес қосып отыр. Біз жаңа ғана әлемде азық-түлік бағасының жоғары екенін айттық және Қазақстанды кез келген басқа ел сияқты әлемнің қалған бөлігінен оқшау қарауға болмайтынын түсінуіміз керек. Біз, әлбетте, сыртқы әлеммен тығыз қарым-қатынаста сауда жасайтын ашық экономиканы ұстанамыз.

Ел ішінде өндірісі ішкі сұранысты қанағаттандыратын кейбір тауарлар бойынша сыртқы бағалармен айырмашылық бар, бұл инфляциялық қысым тудырады. Оларға, негізінен, нан-тоқаш өнімдері, жарма, ұн және сүт өнімдерінің бағасы жатады.

Ішкі нарықтағы ахуал *дәнді дақылдар мен жем-шөп дақылдары түсімінің* төмендеуімен күрделене түседі. Ауыл шаруашылығы министрлігінің деректері бойынша, 11 айда **16,4 млн** тонна астық бастырылды (орташа өнімділік 10,3 ц/га болған кезде). Бұл өткен жылмен салыстырғанда **21,3%-ға** аз. Сонымен қатар, жанар-жағармай мен электр қуаты бағасының жоғарылауына байланысты тамақ өнімдерін өндірушілердің шығыны өскені де байқалады. Мұның бәрі нан, ет, жұмыртқа және басқа да негізгі тамақ өнімдері бағасының өсуіне әкелуі мүмкін.

Сонымен қатар *экономикалық белсенділік пен тұтынушылық сұраныстың қалпына келуі* жалғасуда. Ұлттық статистика бюросының ақпараты бойынша, халықтың нақты ақшалай табысы артып келеді. Сонымен бірге, тұтынушылық кредиттеудің өскенін көріп отырмыз. Бұл бөлшек тауар айналымының серпініне оң әсер етеді.

Осы жағдайларда инфляциялық күтулер жоғары деңгейде сақталады. Бұл қосымша инфляциялық қысымға, содан кейін тұтынудың артуына алып келеді.

Ішкі сұраныстың қалпына келуі мен оның қазіргі инфляцияға қосатын үлесі туралы

Әрине, өнеркәсіп пен қызмет көрсету салаларында байқалып отырған өндірістің қалпына келуі, импорттың ұлғаюы, халық табысының оң серпіні, кредиттеудің жоғары қарқыны, карантиндік шектеулерді жеңілдету ішкі сұраныс серпініне оң әсер етеді.

Жыл басынан бері біз нақты тұтыну шығыстарының тез өскенін байқап отырмыз. Қазіргі уақытта сұраныстың жоғары құрамдас бөлігі дағдарыстан кейінгі қалпына келу және кейінге қалдырылған сұраныстың іске асырылуы байқалатын азық-түлікке жатпайтын сегментте байқалады. Егер бөлшек тауар

айналымының серпініне келетін болсақ, ол жыл басынан бері белсенді түрде ұлғайып, өсу қарқыны екі таңбалы санға – 2021 жылғы 10 айдың қорытындысы бойынша **10,1%-ға** жетті. Бұл серпін тек кірістермен ғана емес, сонымен бірге біз атап өткен тұтынушылық кредиттеудің белсенді өсуімен де қолдау табады. Өз кезегінде, ол биылғы қазанда **36,6%-ға** өскенін көрсетті, ал жаңа тұтынушылық кредиттер беру **86,0%-ға** артты.

Экономикада қызмет көрсету саласының қалпына келе бастағаны байқалады. Жыл басынан бері ақылы қызметтерге жұмсалатын шығыстар үлесі өскен. Өткен жылы олар карантиндік шектеулер кезінде азайған болатын. Соңғы деректерге сәйкес, биылғы 2-тоқсанда үй шаруашылықтарының қызметтерге арналған номиналды шығыстарының үштен бірінен астам мөлшері – **36,2%-ға** өскені тіркелді.

Біздің болжамдарымызға сәйкес, жыл соңына дейін және орта мерзімді перспективада үй шаруашылықтарын тұтынудың серпінді өсуі жалғасады. Осы жылдың екінші жартысында оның көлемі нақты мәнде 2019 жылғы деңгейге жетті. Осыған байланысты тұтынушылық сұраныс тарапынан ішкі бағаларға қысым жалғасады.

ІЖӨ-ге қатысты болжамдар туралы

Экономикалық белсенділіктен бастайын. Бұл серпін Brent сұрыпты мұнай бағасын бір баррель үшін **70 АҚШ доллары** деңгейінде болжаған өткен болжамды раундтың **оптимистік** сценарийіне сәйкес дамып келеді. Нарықтағы позитив пен халықаралық ұйымдардың болжамын ескере отырып, бұл жолы **базалық** сценарий бойынша мұнай бағасын **бір баррель үшін 60 АҚШ долларынан 70 АҚШ долларына дейін** көтердік. Осы алғышарттарды ескерсек, 2021 жылдың қорытындысы бойынша, ІЖӨ өсімі бұрынғысынша **3,7-4,0%** шегінде болжанып отыр.

Өсудің **негізгі көзі қалпына келтіріліп жатқан** тұтынушылық сұраныс болады, ол халықтың **нақты кірісі** мен **тұтынушылық кредиттеудің** өсуімен қолдау тапты. Инвестиция белгілі бір дегейде өседі деген де болжам бар. Сыртқы сұраныстың ұлғаюына және ОПЕК+ мәмілесінің талаптарын ескере отырып, энергия ресурстарын өндіру көлемінің аздап өсуіне байланысты **экспорт** ІЖӨ-нің өсуіне қосымша қолдау көрсетеді. Керісінше, ішкі тұтынушылық және инвестициялық белсенділіктің қалпына келуіне байланысты **импорттың ұлғаюы** ІЖӨ-нің өсуін шектеуге қабілетті.

Енді, келесі жылы не болатыны туралы. **2022 жылы** экономика **3,9-4,2%-ға** өседі. Өсу пандемияның іскерлік белсенділікке барынша әлсіз әсерімен және ОПЕК+ шектеулерінің жеңілдеуі салдарынан энергия ресурстарын өндіру көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілетін болады.

ОПЕК+ мәмілесіне сәйкес, мұнай өндіруді біртіндеп ұлғайту және келесі жылы уағдаластық мерзімдерін кейіннен аяқтау энергия ресурстарын өндіру көлемін ұлғайтуға ықпал етеді. Бұл экспортқа да, инвестициялардың барынша белсенді серпініне де оң әсер етеді. Өсу факторлары биылғы көрсеткіштермен қалады.

Инфляцияға қатысты болжамдар туралы

Енді **инфляция** туралы. Осы жылдың соңына дейін инфляциялық процестер **8,5-8,7%-ға** дейін баяулайды деген болжам бар. Биылғы қарашада инфляция жыл басынан бері алғаш рет баяулағанын көріп отырмыз. Үкімет пен әкімдіктер қабылдаған инфляцияға қарсы жедел шаралар оң нәтиже берді. Осыған байланысты біз жыл соңына қарай Мемлекет басшысының алға қойған мақсаты – инфляцияны **8,5%** деңгейіне дейін төмендетуге қол жеткізуге жақындай түскенімізді көріп отырмыз.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасының өсуін жеделдету тамақ өнімдеріне бағаның өсуін баяулатумен ішінара теңестірілетін болады.

Азық-түлік бағасының өсу қарқынының төмендеуі, көбіне, 2021 жылғы жоғары база есеп айырысуларынан шығуға және айлық өсу қарқынының өзінің тарихи мәндеріне қайта оралуына байланысты болады. Алайда, Қазақстанда және әлемде жекелеген азық-түлік тауарларына бағаның жоғары өсуі осы дезинфекциялық серпінді тежейді. Азық-түлік бағасының неғұрлым жоғары өсуіне қатысты елеулі тәуекелдер де сақталып отыр.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасындағы инфляциялық процестердің жеделдеуі халықтың сатып алу белсенділігінің одан әрі артуына және жеткізу тізбектерінің бұзылуы жағдайында импорттық бағалардың өсуін күтуге байланысты болады.

Сондай-ақ қысқа мерзімді перспективада ақылы қызметтер бағасының қалыпты өсуі болжанып отыр. Бұл, көбіне, тұрғын үй-коммуналдық реттелетін қызметтер нарығындағы қазіргі тарифтердің сақталуына байланысты болды.

Тұтынушылық белсенділіктің қалпына келуі, жоғары инфляциялық күтулер, сондай-ақ тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің өзіндік құнының өсуі арқылы ЖЖМ бағасы өсімінің жанама ықпал етуі тұтыну қоржынының тауарлары мен қызметтерінің баға белгілеуіне қосымша әсер ететін болады.

Нәтижесінде, біздің бағалауымыз бойынша, 2022 жылы жылдық инфляция біртіндеп баяулайды және **6-6,5% шегінде** қалыптасады.

Үкімет тарапынан Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені тиімді іске асырылған жағдайда келесі жылы инфляцияның баяулауы барынша серпінді болуы мүмкін.

Инфляцияның болжамдардан ауытқу тәуекелдері туралы

Біріншіден, инфляцияның базалық сценарийден ауытқу тәуекелдері жоғары. Алдымен, бұл – әлемдік экономиканың қайта құлдырауы жағдайында **мұнай бағасының күрт төмендеу тәуекелі**. Мұндай жағдай 2020 жылғы көктемде болған еді. Бұл жолы COVID-19 жаңа штамдарына, оның ішінде «омикронға» шалдығушылар санының өсуіне қарай шектеу шараларын енгізумен байланысты болуы мүмкін.

Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда, **сыртқы инфляция импортының тәуекелі** артты. Энергия тасымалдаушыларға бағаның өсуі және жеткізу тізбектерінің үзілуі әлемде елеулі инфляциялық қысымға алып келеді. Кейбір талдаушылар бұл процестерді әлі де уақытша деп есептейді, алайда олар неғұрлым ұзаққа кетіп, инфляцияның өсуіне алып келуі мүмкін.

Екіншіден, жоғары және ұзақ инфляциялық қысым салдарынан **дамыған елдер тарапынан ақша-кредит жағдайларының күрт күшею тәуекелі** жоғары болып қалып отыр. Бұл фактор дамушы елдерден **капиталдың әкетілуіне** және олардың валюталарының әлсіреуіне әкеп соғуы мүмкін. Бұл инфляцияның бұдан былайғы автоматты түрде жеделдеуіне, оның ішінде Қазақстанда да жеңілдеуіне алып келеді.

Үшіншіден, Қазақстанда бидай түсімінің аз болғаны бар және ЖЖМ мен электр қуаты құнының көтерілуі аясында өндірістің өзіндік құнының ықтимал өсуіне байланысты **ұсыныс факторлары тарапынан инфляцияның қарқын алу тәуекелі** сақталып отыр.

Нәтижесінде, орта мерзімді перспективада азық-түлік инфляциясының жоғары болуы және азық-түлікке жатпайтын тауарлар мен қызметтер бағасының аса жоғары өсуі жағдайында **инфляциялық күтулердің тұрақтанбау тәуекелі** сақталады.

Экономикалық өсімді ынталандыра түсу үшін инфляцияға қарсы қысымға қарамастан базалық мөлшерлемені төмендету мүмкіндігі туралы

Инфляциялық қысым бұрынғыдай жоғары болып тұр, сондықтан ақша-кредит саясатын күшейту кезеңін тоқтату туралы алдын ала айтудың өзі жеткілікті.

Мандатқа сәйкес біздің негізгі бағдарымыз – баға тұрақтылығын қамтамасыз ету, инфляцияны нысаналы дәлізде сақтау. Себебі, тұрақты төмен инфляция – экономиканың орнықты дамуының кепілі. Қазіргі жағдайда мөлшерлемені төмендете беру теріс салдарға әкелуі мүмкін екенін бұрын да бірнеше рет айтып өткенмін. Біздің бұл қадамға бармайтынымыз және оның себептері нарыққа түсінікті. Біздің нарықпен қарым-қатынасымыз барынша айқын, қазіргі жағдайларда сыртқы және ішкі факторларға қатысты қолданылған іс-әрекеттер орынды.

Енді факторларға тоқталсақ. Базалық мөлшерлеме жөніндегі жуырдағы шешімдерде барынша мұқият бақыланатын факторларды атап көрсетейін.

Біріншіден, бұл **күтілетін және нақты инфляциялық үрдістер**. Үкіметпен және әкімдіктермен бірлесіп іске асырылып жатқан Инфляцияға қарсы ден қою шараларының кешені әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының **жылдық өсімін бәсеңдетті**. Бұл – азық-түлік инфляциясы үшін өте қолайлы кезең. Бірақ, сәтті болуына қарамастан, бұл уақытша әсер ететін шұғыл шаралар болып табылады. Үкіметтің орта мерзімді перспективада монетарлық емес инфляцияны төмендету үшін **құрылымдық шешімдерді** қалай іске асыратыны маңызды.

Екіншіден, **сыртқы сектордағы** жағдай. Қазақстан үшін негізгі шикізат, тауар мен азық-түлік нарықтарында коронавирустың жаңа штамының пайда болуы аясында белгісіздік жоғары болып тұр. Оның ауқымын және әлем елдерінің экономикалық саясатына, Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайға және іскерлік белсенділікке әсерінің ұзақтығын түсіну қажет.

Үшіншіден, инфляциялық күтулердің жоғары деңгейде сақталу тәуекелдері. Оларды тұрақтандыруға ұмтылу базалық мөлшерлемені арттырудың дәлелі болмақ.

Ұлттық Банк сыртқы сектордағы және ішкі нарықтардағы жағдайды мұқият бақылап отырады. Нысаналы бағдарларға қол жеткізуде қатер туындаған жағдайда баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдар бар.